



«БЕКІТЕМІН»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
« _____ » 2023 ж.

**«Еңбекті қорғау» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** 4S10220101 «Еңбекті қорғау және технологиялық процестердің қауіпсіздігі» біліктілігіне арналған 10220100 – «Еңбекті қорғау және технологиялық процестердің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша «Еңбекті қорғау» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест, 10320100 «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы, 3W10320101- «Өрт сөндіруші», 3W10320102- «Тыныс алу органдарын қорғау аппараттарын реттеуші», 4S10320103 –«Өрт қауіпсіздігі технигі» біліктіліктеріне арналған, 10320200 «Төтенше жағдайларда қорғау» мамандығы, 3W10320201- «Құтқарушы», 3W10320202-«Кинолог», 3W10320203-«Сүнгүйір», 3W10320204-«Өнеркәсіптік альпинист», 4S10320205-«Техник» біліктіліктеріне арналған.

№	Тақырып	№	Ішкі тақырып
1	Еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыру негіздері	1	Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық жүргізу, жұмыс орнында нұсқаулық өткізуді үйлестіру.
2	Еңбекті қорғау бойынша оқыту, нұсқама беру және білімдерін тексеру	2	Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметкерлерді оқытуды, жоғары құзыреттілік деңгейін жетілдіру мен қолдауды жүзеге асыру
3	Өндірістік жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігі	3	Жабдықтардың, құрал-саймандардың, технологиялық жабдықтардың, ғимараттардың, құрылыстар мен аумақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалау.
4	Кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігі	4	Еңбектің, демалыстың оңтайлы режимдерін, емдеу-профилактикалық және санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді бақылау.
5	Өндірістік санитария	5	Кәсіпорынның санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын (СЭС) бақылау.
6	Тыныс алу органдары мен теріні қорғау	6	Нысан қызметкерлерін ұжымдық қорғаныс құралдарымен (ҰҚК) және жеке қорғаныс

	құралдары		құралдарымен (ЖҚҚ) қамтамасыз ету.
7	Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету	7	Апаттық жағдайларда қызметкерлердің іс-қимылын ұйымдастыру және өндірісте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.
Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.).			

4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:

Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулық жүргізу, жұмыс орнында нұсқаулықтар өткізуді үйлестіру. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерге нұсқау беру тәртібі мен мерзімдері. Нұсқаулардың түрлері. Нұсқаулық бағдарламалар. Кіріспе нұсқаулық. Жұмыс орнындағы нұсқаулық. Мақсатты нұсқаулық. Нұсқаулықтар өткізу нәтижелерін тіркеу. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі мен мазмұны.

Өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қызметкерлерді оқытуды, жоғары құзыреттілік деңгейін жетілдіру мен қолдауды жүзеге асыру. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқытуды және білімдерін тексеруді жүргізу тәртібі мен мерзімдері. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша өндірістік оқыту. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша бастапқы және мерзімді өндірістік оқыту бағдарламалары. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қосымша арнайы оқыту.

Ұйымның емтихан комиссиясының жұмыс тәртібі. Жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеру. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшылар мен тұлғаларды қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білімдерін тексеру тәртібі мен мерзімдері.

Жабдықтардың, құрал-саймандардың, технологиялық жабдықтардың, ғимараттардың, құрылыстар мен аумақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қадағалау. Жабдықтарды, құрал-саймандарды, технологиялық жабдықтарды, ғимараттарды, құрылыстарды және аумақтарды пайдалану кезінде мүмкін болатын кәсіптік қауіп-қатерлерді анықтау. Кәсіби қауіп-қатерлердің болу ықтималдығын анықтау. Іс жүзінде болған кәсіби қауіп-қатердің ықтимал салдарының ауырлығын бағалау. Қауіпті өндірістік нысанда өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру. Құралдармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Қысыммен жұмыс істейтін техникалық құрылғыларды (сыйымдылықтарды, бу және су жылыту қазандықтарын, баллондарды, бу және ыстық су құбырларын) пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. Электр қондырғыларындағы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық қорғау шаралары. Қауіпті жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру. Қауіпті өндірістік нысанда өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру. Құралдармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүк көтеру механизмдерін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Қысыммен жұмыс істейтін техникалық құрылғыларды (сыйымдылықтарды, бу және су жылыту қазандықтарын, баллондарды, бу және ыстық су құбырларын) пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар. Электр қондырғыларындағы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық қорғау шаралары. Қауіпті жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру. Апаттар мен оқиғаларды тергеу және есепке алу. Өндірістік қызметке байланысты болған қайғылы оқиғаларды зерттеу. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік.

Еңбектің, демалыстың оңтайлы режимдерін, емдеу-профилактикалық және санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді бақылау. Зиянды және қауіпті өндірістік факторлар. Өндіріс орындарының еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбек және демалыс режимі. Өндірістік факторлардың зияндылық дәрежесі бойынша еңбек жағдайларының сыныптары.

Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормалары. Жұмысшыларды қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғау әдістері. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер мен өтемақылар. Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау. Қызметкерлерді медициналық тексерудің түрлері мен тәртібі.

Кәсіпорынның санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын (СЭС) бақылау.

Ғимараттарға, құрылыстарға және ұйымның технологиялық процестеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Жабдықтарды орналастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Өндірістік нысандардың жылыту, желдету және ауаны шаң мен газ сияқты зиянды заттардан тазарту жүйелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Өндірістік нысандарда сумен жабдықтау және канализация жүйелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар (асхана, киім ауыстыратын бөлмелер, душ, жуынатын бөлмелер, дәретхана). Өндірістік ғимараттарда ауыз су ішу режимін орнату.

Нысан қызметкерлерін ұжымдық қорғаныс құралдарымен (ҰҚК) және жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚК) қамтамасыз ету. Ұжымдық қорғаныс құралдарының түрлері мен мақсаты. Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдарының түрлері мен мақсаты. Жұмысшыларға арнайы киім, аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын беру нормалары. Жеке қорғаныс құралдарына қойылатын негізгі талаптар. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары. Арнайы қорғаныс киім. Қорғаныс аяқ киім. Қолды қорғау құралдары. Басты қорғау құралдары. Бет қорғаныс құралдары. Көзді қорғау құралдары. Есту мүшелерін қорғау құралдары. Биіктен құлатпай қорғайтын және басқа да қауіпсіздік құралдары.

Апаттық жағдайларда қызметкерлердің іс-қимылын ұйымдастыру және өндірісте зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Апаттық жағдайлардың түрлері және олардың туындау факторлары. Апаттық жағдай қауіпінің алдын алу үшін техникалық шешімдер. Қауіпті өндірістік нысандардағы апаттық жағдайдан туындайтын негізгі қауіптер. Апатты жою жоспары. Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүмкін болатын апаттарды жою жөніндегі міндеттері. Апаттық жағдайларға қарсы оқу-жаттығулар, дабылдар. Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетудің құқықтық негіздері. Өндірісте зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетудің жалпы қағидалары. Түрлі жарақаттар кезіндегі алғашқы көмек көрсету әдістері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 2-2,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
2. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
3. «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді, басшыларды және тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру ережелері мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы No 1019 бұйрығы.
4. «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» / Жандаулетова.Ф.Р; Хакімжанов.Т.Е.; Санатов. Т.С. – Алматы: АУЭС, 2018. – 351 б.: таб. 10, ил. 17, библиогр. - 18 атау;
5. «Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша салааралық нұсқаулық»; Бубнов В.Г.
6. «Еңбекті қорғау» Нұржасова М.А.– «Фолиант» баспасы 2007 ж.;
7. «Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы» Аманжолов Ж.– «Фолиант» баспасы 2011 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті**



(қолы)

(Т.А.Ә)

« _____ »

2023ж.







